

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 42 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 ақпанда № 9-18-109 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 25.03.2016 № 95 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Таран ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес жұмысқа орналасу үшін мүгедектерді жұмыс орындарына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Ахметжанов

КЕЛІСІЛДІ

"Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Л. Өтешева

2010.01.29